

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Экономика және құқық факультеті  
Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасы

# Қылмыстық құқық (жалпы бөлім)

# Тақырыбы: ҚР Қылмыстық құқығының пәні мен түсінігі

- ▶ Орындаған: Қисаева Д
- ▶ Тексерген: Шаяхметова Ж

# *Қылмыстық құқықтың ұғымы*

Көптеген авторлардың айтуы бойынша қылмыстық заңдар деп **«Адам басымен»**, яғни өмірімен жауап беретін заңдар деп аталады.

Мұндағы сөз адамның **«Басымен»** байланысты, орыстың **«уголовное»** сөзі **«голова»** сөзімен түбірлес жатуында деп жорамалдайды. Бірақ бұл деректер нақты емес.

# Қылмыстық құқықтың пәні



- деп аталатын т.б бірнеше саладан тұрады. Соның бірі – **Қылмыстық құқық**

Қылмыстық құқық жалпы құқыққа тән **нормативтілік, орындау міндеттілігі** секілді т.б

белгілердің қамтығанымен, басқа құқық салаларынан **пәнімен, яғни қоғамдық қатынастарды реттеу шеңберімен** ерекшеленеді

Қылмыстық құқықтың реттеу пәні өте кең. Оның ерекше белгісі заңмен қорғалатын қатынастарға қауіпті қолсұғушылық жасау салдарынан туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Құқықтық реттеудің нәтижесінде бұл қатынастар қылмыстық **құқықтық қатынастар** деп аталады.

### **Қылмыстық құқықтық қатынастар/3/**

- Қорғаушылық қылмыстық қатынастар
- Алдын алушылық қылмыстық қатынастар
- Реттеушілік қылмыстық қатынастар

# *1. Қорғаушылық қылмыстық қатынастар /реттеуші функция/*

- ▶ 1. Қылмыстың жасалуына байланысты туындайды.
- ▶ 2. Тиым салынған әрекетті жасаған адаммен мемлекеттің атынан сот, тергеуші, прокурор, анықтау органдары арасындағы қатынас

## ***2. Алдын алушылық қылмыстық қатынас***

- ▶ **Адамдарды жазамен қорқыту арқылы қылмыс жасаудан сақтандыруға байланысты қатынастар.**
- ▶ **Мемлекет құқықтық қатынастарда тиым салу арқылы азаматтарды қылмыс жасаудан бас тартуға міндеттейді және қоғамдағы адамдардың тәртіптерін реттеп отырады**

### *3. Реттеушілік қылмыстық қатынас*

- ▶ Қылмыстық әрекетті болдырмайтын қажетті қорғану, мәжбүрлі қажеттілік және т.б жағдайларда қауіпті қол сұғушылықтан қорғау кезінде келтірілген зияндарға азаматтардың құқықтарын бөліп береді.




# Қылмыстық құқықтың жүйесі



## *Жалпы бөлім*

- Қылмыс пен жаза туралы ұғым
- Қылмыстық құқықтың түсінігі мен міндеттері
- Қылмыстық құқықтағы жауапкершіліктің негіздері мен одан босатудың негіздері және т.б



## *Ерекше бөлім*

-Нақты қылмыс құрамдары және оларды жасағаны үшін белгіленген жаза түрлері көрсетіледі

**Жалпы** және **Ерекше** бөлім өзара тығыз байланысты. Сондықтан осы 2 бөлімнің жиынтығы **Қылмыстық құқықты** құрайды.

# *Қылмыстық құқықтың принциптері/6/*

- ▶ Заңдылық принципі
- ▶ Азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдік принципі
- ▶ Кінәлі жауапкершілік принципі. Одан жеке жауапкершілік принципі шығады.
- ▶ Әділеттілік принципі
- ▶ Гуманизм принципі

# *Қылмыстық құқықтың міндеттері*

- ▶ Қылмыстық кодекстің 2-бабына сәйкес қылмыстық заңдардың міндеттері:
- ▶ 1. Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті,
- ▶ ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны,
- ▶ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын,
- ▶ қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау,
- ▶ бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады.

# *Қылмыстық құқықтың ғылымы.*

*Қылмыстық құқық ғылымы – заң ғылымдарының құрамдас бөлігі.*

- Қылмыстық заң туралы түсініктердің;*
- Қылмыстық құқықтың қағидаларының;*
- Қылмыстық құқықтың тарихы туралы қылмыстық көзқарастар мен ой пікірлердің жүйесін құрайды.*

**Қылмыстық құқық ғылымының объектісі-** қылмыстық заң және оның дұрыс қолдануын, жаза тағайындаудың, қылмыстылықпен күрес жүргізудің ғылыми негіздерін белгілеу болып табылады.

Осы күрделі мәселерді зерттеуде қылмыстық құқық ғылыми **криминология, қылмыстық атқару құқығы, қылмыстық статистика, криминалистика** секілді заң ғылым салаларымен тығыз байланысты.

**Олардың ортақ міндеті** – қылмыстылықпен күрес проблемасын шешу, азайту мен сақтандырудың жолдарымен әдістерін зерттеу болып табылады.

# *Қылмыстық құқықта қолданылатын негізгі әдістер/5/*

- ✓ Догматтық /дәлелденбеген қағида/ әдіс;
- ✓ Социологиялық/нақты социологиялық/ әдіс;
  - ✓ Салыстырмалы құқықтық әдіс;
  - ✓ Тарихи – құқықтық әдіс
- ✓ Диалектикалық /философиялық/ әдіс

# *1. Догматтық /Дәлелденбеген қағида/ әдіс*

- ▶ Қолданылып жүрген нормаларды жүйелеу, түсінік беру және негізгі ұғымдарды анықтау үшін тағайындалады.

# *2. Социологиялық/нақты социологиялық/ әдіс*

Догматтық әдіс қылмыстық құқық нормаларының және қылмыстық заңның түсінігін анықтауға көмектесе, социологиялық әдіс әлеуметтік мазмұнын ашуға ықпал жасайды.

► *3. Салыстырмалы – құқықтық әдіс.*

Қылмыстық құқықтағы категорияларды, ұғымдарды шет мемлекеттің қылмыстық заңдарымен салыстырып талқылау

*4. Тарихи – құқықтық әдіс.*

Қылмыстық құқық нормаларын, категориялары мен институттарының тарихи дамуын зерттеуден тұрады.

*5. Диалектикалық /философиялық/ әдіс*

Диалектиканың заңдары мен категориялары жаңа нәтижеге жету жолдарын іздеуге, белгісіздіктен белгіліге қозғалу әдістерін табуға қызмет етеді.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Қылмыстық кодексі
2. А.Н, АҒЫБАЕВ .ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ  
КОДЕКСІНЕ ТҮСІНДІРМЕ АЛМАТЫ  
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» 2015